Әділет

# Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын және ( немесе) инвестициялық жобалар қарау және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 қаңтардағы N 16-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 6 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2157. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 8 мамырдағы N 142-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 08.05.2013 N 142-НҚ бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2003.05.23 N 138-НҚ, 2005.03.10 N 74-НҚ, 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрықтарымен.

Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

Ескерту: Бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламалар және (немесе) инвестициялық жобаларын қарау және бекіту жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005.03.10 N 74-НҚ , 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрықтарымен

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті ( А.Т.Шардарбаев) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін;

оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және

бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Б.Ә.Сағынтаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды
реттеу және бәсекелестікті
қорғау жөніндегі агенттігінің
2003 жылғы 27 қаңтардағы
N 16-НҚ бұйрығымен
бекітілген

## Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) қарау және бекіту НҰСҚАУЛЫҒЫ

Ескерту: Атауындағы және барлық мәтіндегі "жобаларын", "жобалары" "жобаларда", "инвестициялық жобада", "жобаларды", "инвестициялық жоба", "инвестициялық жобаға", "инвестициялық жобалардың" деген сөздер "бағдарламаларын (жобаларын)", "бағдарламалары (жобалары)", "бағдарламаларда (жобаларда)", "инвестициялық бағдарламаның (жобаның)", "бағдарламаларға (жобаларға)", "инвестициялық бағдарлама (жоба), "инвестициялық бағдарламаға (жобаға)", "инвестициялық бағдарламамен (жобамен)" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 23 мамырдағы N 138-НҚ бұйрығымен .

Ескерту: атауында және барлық мәтін бойынша:

"табиғи монополия субъектілерінің" деген сөздер "табиғи монополиялар субъектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

атауындағы және барлық мәтін бойынша "жобалар", "жобалары", "жобаларда", "жобаларға" "жоба" деген сөздер тиісінше "және (немесе) инвестициялық жобалар", "және (немесе) инвестициялық жобалары", "және (немесе) инвестициялық жобаларда", "және (немесе) инвестициялық жобаларға", "және (немесе) инвестициялық жоба" деген сөздермен ауыстырылды;

алғы сөзде және барлық мәтін бойынша "қызметтер (тауарлар, жұмыстар)", қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) деген сөздер тиісінше "реттеліп

көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар)", "реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға)" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 10 наурыздағы N 74-НҚ бұйрығымен .

Ескерту. Тақырыбында және барлық мәтін бойынша "келісу", "келісулер", " келісулерді" деген сөздер тиісінше "бекіту", "бекітулер", "бекітуді" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрығымен.

Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын және (немесе) инвестициялық жобаларын қарау мен бекітудің осы Нұсқаулығының ( бұдан әрі - Нұсқаулық) мақсаты тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері (бұдан әрі - Субъектілер) мүдделерінің тепе-теңдігіне қол жеткізуі, сондай-ақ тұтынушыларды табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) экономикалық негізсіз арттырудан қорғауға бағытталған республикалық және жергілікті деңгейлердегі әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді және ағымдағы басымдықтарына сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын және (немесе) инвестициялық жобаларын қарау мен бекітуді тәптіштеу болып табылады.

## 1. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын және (немесе) инвестициялық жобаларын қарау және бекітудің осы Нұсқаулық " Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005.03.10 N 74-НҚ , 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрықтарымен.

2. Субъектілердің инвестициялық бағдарламалары және (немесе) инвестициялық жобалары белгіленген тәртіппен бекітілген Қазақстан Республикасы мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер дамуының басымдықтарын ескере отырып әзірленеді.

Белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларда және ( немесе) инвестициялық жобаларда көзделген Субъектілердің негізгі құралдарындағы жұмсалымдар көлемі республикалық және аймақтық деңгейлердегі әлеуметтік-экономикалық дамудың орташа мерзімдік жоспарларында ағымдағы кезеңге және орта мерзімді перспективаға арналған Субъектілердің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (

бағалардың, алым ставкаларының) шекті өсімінің болжамын есептеген кезде ескеріледі.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді және барлық мәтін бойынша " индикативтік", "индикативті" деген сөздер "орташа мерзімдік", "орташа мерзімді " деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005.03.10 N 74-НҚ , 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрықтарымен.

3. Субъектілердің инвестициялық бағдарламалары және (немесе) инвестициялық жобалары:

іске асыру мерзімдері бойынша - қысқа мерзімге (1 жылды қоса алғанда), орта мерзімге (1 жылдан астам 5 жылды қоса алғанда), ұзақ мерзімге (5 жылдан астам);

мәртебесі бойынша республикалық және жергілікті;

іс-қимылдардың бағыттылығы бойынша - жаңа активтер құруға арналған инвестиция; кеңейтуге арналған инвестиция; қазіргі бар активтерді қалпына келтіруге және қолдауға арналған инвестиция болып бөлінеді.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен , 2005 жылғы 10 наурыздағы N 74-НҚ бұйрығымен .

4. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

базалық тарифтік смета - "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен шығындарды қалыптастырудың Ерекше тәртібінің (бұдан әрі - Ерекше тәртіп) талаптарына сәйкес Субъектінің инвестициялық бағдарламасын және ( немесе) инвестициялық жобасын іске асырғаннан бастап бір жылға белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтік смета;

инвестициялық бағдарлама - жаңа активтерді жасауға, қолда бар активтерді кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, бір немесе бірнеше инвестициялық жобаларды өзіне қамтитын техникалық-экономикалық тиімділік алу мақсатында қысқа мерзімге, орташа мерзімге немесе ұзақ мерзімге арналған Субъектінің негізгі құралдарын жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған қаражаттарды салу және қайтарып алу бағдарламасы;

инвестициялық жоба - жаңа өндірістер құруда, қолданыстағы өндірістерді кеңейту мен жаңартуда инвестицияларды көздейтін іс-шаралардың кешені;

инвестициялық тариф (баға, алым ставкасы) - уәкілетті орган бір инвестициялық жобаның шегінде бекіткен тариф (баға, алым ставкасы) немесе салынған инвестицияларды толық өтелгенге дейін қолданыстағы жаңадан құрылған объектілерге көрсетіліп отырған табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған оның шекті деңгейі;

болжанып отырған тарифтік смета - инвестициялық бағдарламаны және ( немесе) инвестициялық жобаны жүзеге асырудың әрбір жылында уәкілетті орган қабылдаған және онымен келісілген тарифтік смета;

тарифтік кіріс - уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бойынша реттелетін реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсетуден алынған Субъектінің кірісі;

техникалық сараптама - қолданысқа енгізілген активтердің техникалық жай-күйін (техникалық сипаттамасын) және жұмыс жағдайындағы активтерді қолдауды қамтамасыз ететін жұмыстар жүргізудің қажеттігін, технологиялық процестің тиімділігін, материалдық, еңбек шығындарының белгіленген нормаларының сәйкестігін қоса, өндіріс технологиясын, инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қажеттігін бағалауды, негізгі құралдарды ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша бөлудің қолданысқа енгізілгендік және дұрыстық деңгейін талдау;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

қаржылық сараптама - табиғи монополия субъектісінің олардың Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасы мен уәкілетті органның шешімдерінің орындалуын, табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес өзге қызметтер бойынша бөлуді, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне қолданылатын тарифтердің ( бағалардың, алым ставкаларының) әсерін бағалау, тарифтік сметаның атқарылуын және есепке алу саясатының сақталуын, инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестициялық жобалардың орындалуын тексеру (бағалау) мақсатында қаржы-шаруашылық қызметін талдау.

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003.05.23 N 138-НҚ , 2004.05.24 N 238-НҚ , 2005.03.10 N 74-НҚ , 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрықтарымен .

## 2. Инвестициялық бағдарламаларға және (немесе) инвестициялық жобаларға қойылатын негізгі талаптар

5. Уәкілетті органға қарауға және бекітуге ұсынылып отырған инвестициялық бағдарламалар және (немесе) инвестициялық жобалар салалық бағдарламаларға және республикалық және жергілікті деңгейлерде қабылданған даму

бағдарламалары мен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуге тиіс.

6. Инвестициялық бағдарламаларға және (немесе) инвестициялық жобаларға:

1) жүргізілген техникалық және қаржылық сараптаманың қорытындылары;

2) Субъектілер ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) сұранысты дамытуға арналған инвестициялық бағдарламаны және ( немесе) инвестициялық жобаны іске асырудың ықпалы туралы Субъектінің б а ғ а с ы ;

3) негізгі құралдар мен өзге мүліктің жобасын іске асыруға қажетті құн туралы маркетингтік зерттеулер растаған инвестициялық бағдарламаны және ( немесе) инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шығындар туралы ақпарат ;

4) қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұстауға арналған шығындарды төмендету жөніндегі есептерді қамтитын инвестициялық жұмсалымдардың экономикалық тиімділігі, нормативтік және нормативтен тыс ысырапты азайту, қызметтердің сапасын арттыру, жүйелердің сенімділігін арттыру туралы Субъектінің бағасы;

5) қаржыландырудың мүмкін жағдайлары және заемдық қаражатты қайтару, соның ішінде бағалы қағаздарды эмиссиялау, несие алу есебінен;

6) негізгі құралдардың топтары бойынша жүргізілген құнды қайта бағалаудың нәтижелері қоса берілуге тиіс;

7) егер инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру үшін республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінсе немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер ( инвестициялар) тартылса, онда қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар ұсынылады.

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 23 мамырдағы N 138-НҚ бұйрығымен .

7. Инвестициялық бағдарламаның және (немесе) инвестициялық жобаның бюджетін жоспарлау мен жасау негізінде болжамды тарифтік смета, тарифтік кіріс қалыптасатын базалық тарифтік сметаға сәйкес жүзеге асырылады және қаржылық көрсеткіштер бағаланады. Инвестициялық бағдарламаның және ( немесе) инвестициялық жобаның тиімділігіне экономикалық және қаржылық бағалау жүргізудің негізгі қағидаттары осы Нұсқаулыққа берілген қосымшада айқындалады.

8. Инвестициялық бағдарламалар және (немесе) инвестициялық жобалар мынадай өлшемдерге:

1) Субъектінің іске қосылған негізгі өндірістік құралдарының өтімді

бағасының қазіргі бар деңгейін көбейту немесе сақтау капитал түзетін шығындардың (инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде негізгі құралдарды қайта бағалауға уәкілетті органның келісімі бойынша ғана жол беріледі) есебінен қол жеткізілуге тиіс;

2) қаржылық-экономикалық тәуекелдерді барынша азайтуға;

3) нормативтік және/немесе нормативтен тыс ысырапты кемітуге;

4) бағдарламаның және (немесе) инвестициялық жобаның негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштерінің оң мәндері пайданың (кірістіліктің) ішкі нормасы, іске қосылған активтердің пайдасы, Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімдік жоспарымен бекітілген Субъектілердің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) шекті өсімі болжамының шеңберіндегі Субъектілердің қызметтеріне арналған тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) деңгейі кезінде дисконттелген ағыстардың болуына;

5) заемдық ресурстарды қарызға алу және өтеу сызбаларын оңтайландырумен , өндірістік шығындарды кемітумен, конъюнктурлық рынокқа сәйкес оны барынша жоғары пайдалану мақсатында өндірістің әртараптылығымен қамтамасыз етілуге тиіс инвестициялардың өтеу мерзімдерін азайтуға;

6) көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі мен сапасын ұлғайтуға;

7) Субъектінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушылардың дебиторлық берешегінің деңгейін төмендету жөніндегі, ол болған жағдайда, кешенді іс-шараларға жауап беруге тиіс.

## 3. Инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды қарау және бекіту

9. Орташа мерзімдік кезеңге тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітуге арналған өтініммен бір уақытта уәкілетті органның қарауына және бекітуіне республикалық және жергілікті инвестициялық бағдарламалар және (немесе) инвестициялық жобалар енгізіледі. Атқарылуы орташа мерзімді кезеңге арналған тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекітуді талап етпейтін инвестициялық бағдарламалар және (немесе) инвестициялық жобалар уәкілетті органға қажет болуына қарай, оның ішінде бір мезгілде қолданыстағы тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейін бекітуге (өзгертуге) арналған өтініммен қоса қарауға және бекітуге енгізіледі.

Орындалуы үш жылдың ішінде қолданыстағы тарифтің (бағаның, алым ставкасының) өсуін талап етпейтін инвестициялық бағдарламалар уәкілетті органның қарауына және келісуіне оны іске асыру алдындағы жылдың 1-

қазанынан кешіктірілмей, не өтініммен бір мезгілде инвестициялық тарифті ( бағаны, алым ставкасын) бекітуге енгізіледі.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 23 мамырдағы N 138-НҚ бұйрығымен , 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен , 2004 жылғы 19 шілдедегі N 322-НҚ бұйрығымен , 2005 жылғы 10 наурыздағы N 74-НҚ бұйрығымен .

10. Уәкілетті орган тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) арналған инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыруға еткен ықпалын оны іске асыру кезеңінде айқындау мақсатында инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестициялық жобалардың тиімділігіне экономикалық және қаржылық бағалау жүргізеді.

Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен .

11. Инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды қарауға уәкілетті органның қабылдаудан бас тартуының себептері:

Субъектінің инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны ұсынудың мерзімдерін бұзуы;

Субъектінің осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы болып табылады.

Уәкілетті орган инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны алған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексеруге және Субъектіге инвестициялық бағдарламаның және ( немесе) инвестициялық жобаның қарауға қабылданғаны туралы немесе бас тартудың негіздемесімен қарауға қабылдаудан бас тартылғаны туралы жазбаша хабарлама беруге міндетті.

12. Уәкілетті органмен келісілген республикалық және жергілікті инвестициялық бағдарламалар және (немесе) инвестициялық жобалар Субъектінің орындауына міндетті болып табылады. Егер инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде Субъект уәкілетті органға жаңа инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны бекітуге берсе, уәкілетті орган жаңа инвестициялық бағдарламаның және (немесе) инвестициялық жобаның қолданыстағы тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) деңгейіне жасайтын ықпалына талдау жүргізеді. Уәкілетті орган, егер оны іске асыру инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асырудың қалған мерзіміне болжамдалған көрсеткіштерден тыс тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейін өзгертуді талап еткен жағдайда, бекітуден бас тартуға

қ ұ қ ы л ы .

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрығымен

13. Республикалық және жергілікті инвестициялық бағдарламаларға және ( немесе) инвестициялық жобаларға уәкілетті органның келісімі бойынша нықтылаулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## 4. Субъектілердің инвестициялық бағдарламаларын және (немесе) инвестициялық жобаларын іске асыру мониторингі

Ескерту: 4-тарау алынып тасталды (14-20 тармақтар) - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен .

Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын және (немесе) инвестициялық жобаларын қарау және бекіту Нұсқаулығына қосымша

Ескерту: Қосымша өзгертілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003.05.23 N 138-НҚ , 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрықтарымен.

## Инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестициялық жобалардың тиімділігіне экономикалық және қаржылық бағалау жүргізу

1 . < * >

Ескерту: 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен .

2. Инвестициялық бағдарламаларда және (немесе) инвестициялық жобаларда көзделген инвестициялық шығындарды өтеу уәкілетті органмен келісілген қажетті тарифтік кіріспен қамтамасыз етіледі.

3. Инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды бекіту үшін мынадай деректер талап етіледі:

1) N 1, 2, 3 және 4-кестелерде көрсетілген деректердің негізіндегі тарифтік кіріс;

2) инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске

асыру кезеңіндегі болжамды тарифтік смета жасауға арналған бастапқы деректер, олар:
базалық тарифтік смета;
3) құзыретті органның, ал су шаруашылығы мен канализациялық жүйелердің қызметтерін көрсетуші Субъектілер үшін - инвестициялардың қажеттігін және олардың Субъектілердің негізгі құралдарындағы көлемдерін, нақты қалыптасқан негізде және республикалық және аймақтық деңгейлердегі әлеуметтік-экономикалық дамудың орташа мерзімдік жоспарларында көзделген перспективаларды ескере отырып, инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыруға көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) болжанып отырған көлемдерін растайтын жергілікті атқарушы органның қорытындысы;
іске қосылған активтердің реттелген базасына және инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңіне арналған активтердің реттелген базасының болжамдалған деңгейіне пайданың ставкасы;
инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде көрсетіліп отырған қызметтерге сұраныстың даму перспективалары туралы Субъектінің бағасы;
техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, қалпына келтіру және жаңа негізгі құралдарды енгізу бағдарламасы;
жылдар бойынша күрделі қаржы жұмсалымдарын игеру кестесі;
заемдық қаражаттар бойынша негізгі борыштар мен сыйақыларды өтеу кестесі;
ағымдағы тұрақты және ауыспалы шығындар, жылдар бойынша қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі кезеңіндегі шығыстар болып табылады.
4. Болжамды тарифтік сметалардағы шығындардың қалыптасуы:
1) болжанып отырған тарифтік сметалардың шығындары қолданыстағы тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шегінде қажет болған жағдайда Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес Субъектінің инвестициялық бағдарламасын және (немесе) инвестициялық жобаларын іске асырғаннан бастап іс жүзіндегі қалыптасқан шығындарға сәйкес түзетілген базалық тарифтік сметаның негізінде қалыптасады;
2) нормативтік ысыраптарға байланысты шығындар қосылады;
3) субъект негізгі құралдар құнының өсіміне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған құралдар құзыретті (жергілікті атқарушы) органның растауы мен жұмыстардың осы көлемдерін жүргізудің қажеттігі туралы техникалық сараптама нәтижелері болған жағдайда ескеріледі;

4) негізгі құралдардың және тура желілі (бір қалыпты) әдіс бойынша есептелген материалдық емес активтер амортизациясының тозуы. Тозуды есептеудің өзге әдістерін қолдану уәкілетті органның келісімі жөнінде мүмкін болады;

5) еңбекке ақы төлеуге жұмсалған шығыстарды айқындау кезінде есепке белгіленген тәртіппен бекітілген, Субъектінің нормативтік адам санынан аспайтын нақты адам саны қабылданады.

Субъектінің персоналдарына еңбек ақы төлеу шығыстары болжамды тарифтік сметада Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімдік жоспарында көзделген тұтынушылар бағалары индексінің болжамды өзгерісін ескере отырып, базалық тарифтік сметада қабылданған еңбекке ақы төлеу шығыстарына сүйене отырып есептеледі;

6) әкімшілік мақсаттағы шығыстар Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімдік жоспарында көзделген тұтынушылар бағалары индексінің болжамды өзгерісін ескере отырып, ескеріледі.

Уәкілетті орган инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны келіскенге және оны құзыретті (жергілікті атқарушы) орган бекіткенге дейін әкімшілік мақсаттағы шығыстардың сомаларын Субъектінің әкімшілік шығыстарының нақты құрамының жүргізілген қаржылық сараптамасының нәтижелері бойынша өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылы;

7) инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2 мәртелік ресми ставкадан аспайтын ұлттық валютада алынатын заемдық қаражаттар бойынша сыйақылар төлеу шығындары қосылады;

8) егер заемдық қаражаттар шетел валютасында алынса, онда сыйақы төлеудің есебі Лондон банк аралық рыногының 4 мәртелік ставкасын қолданып, шетел валютасына орта жылдық теңге курсы бойынша жүргізіледі.

Алынған заемдық қаражаттар жөніндегі сыйақылардың мөлшерін (кредиттер үшін проценттер, комиссиялық төлемдер) инвестициялық бағдарламаны және ( немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде өзгертуге уәкілетті органның келісімі бойынша жол беріледі;

9) өкілдіктер шығыстары, әкімшілік персоналының іссапарлық шығыстары, қымбат тұратын байланыс түрлерінің, мерзімді баспа, қызметтік автокөлік ұстау шығыстары, Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімдік жоспарында көзделген тұтынушылар бағалары индексінің болжамды өзгерісін ескере отырып, нақты шығындар құрамының жүргізілген қаржылық сараптамасының нәтижелері бойынша ақпараттық, консультациялық қызметтері.

Болжамды тарифтік сметаларда тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) енгізуге жатпайтын Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес шығыстар ескерілмейді .

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен , 2005 жылғы 10 наурыздағы N 74-НҚ бұйрығымен .

5. Уәкілетті орган экономикалық мақсатқа сай қағидаттарына сүйеніп:

1) кредиттер (заемдар) үшін инвестицияда алынған және инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде төленген (төлеуге жататын) сыйақыны жаңа негізгі құралдарының құнына қосуға ;

2) Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде кредиттерге (заемдарға) қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды материалдық емес активтердің құнына қосуға;

3) егер Субъектіге қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметтің өзге де түрлерімен айналысуға рұқсат етілсе, онда одан түскен пайданы Субъектінің инвестициялық міндеттемелерін өтеуге жұмсауға;

4) егер тарифтер (бағалар, алым ставкалары) осы Қосымшаның 1-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, Субъектіден инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестициялық жобалардың өлшемдерін қайта қарауды талап етуге құқылы.

6. Қажетті тарифтік кіріс экономикалық негізді шығындар мен пайдадан жинақталады.

Тарифтік кірісте ескерілетін пайда Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

Амортизациялық аударымдар мен қызметтің реттелген түрінен түскен пайда Субъектінің инвестициялық міндеттемелерін өтеуге жұмсалады.

N 1-кесте

Ескерту: 1-кесте жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 23 мамырдағы N 138-НҚ бұйрығымен .

Ескерту: 1-кестеге өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен , 2005 жылғы 10 наурыздағы N 74-НҚ бұйрығымен .

**Қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері**

---

NN түзетілген базалық тарифтік

| Көрсеткіштердің | сметада қабылданған атаулары | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | реттеліп көрсеті. летін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі | | | реттеліп көрсетілмей. тін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі | | |
| | | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | Өндірілетін қызмет. тердің(тауарлардың, жұмыстардың) көлемі 1 | | | | | | |
| 1.1. | млн. теңгемен | | | | | | |
| 1.2. | нақты көрсеткіштерде | | | | | | |
| | Бұдан әрі тұтынушы. ларға беру үшін са. тымдық өнімнің (тауарлардың) көлемі 2 | | | | | | |
| 2.1. | млн. теңгемен | | | | | | |
| 2.2. | нақты көрсеткіштерде | | | | | | |
| | Құзыретті орган бекіткен норматив бойынша өз мұқтажына пайдаланылатын қыз. меттердің (тауарлар. дың, жұмыстардың) | | | | | | |

| | |
|---|---|
| | көлемі - барлығы 3 |
| 3.1. | млн. теңгемен |
| 3.2. | нақты көрсеткіштерде |
| 3.3. | нақты көрсеткіште жалпы көлемнен нақты ысырап: |
| 3.3.1. | нормативтік |
| 3.3.2. | нормативтен тыс |
| | Құзыретті орган бекіткен қызметтердің (тауарлардың, жұмыс. тардың) ысырап көлемі 4 |
| 4.1. | млн. теңгемен |
| 4.2. | нақты көрсеткіштерде |
| 4.3. | Көлемнен %-тегі нақты ысырап (өндірілген немесе сатымдық өнімді көрсету): |
| 4.3.1. | млн. теңгемен |
| 4.3.2. | нақты көрсеткіштерде |
| | Тұтынушыларға көрсе. тілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыс. тардың) көлемі |

5.1. млн. теңгемен

5.2. нақты көрсеткіштерде - оның ішінде:

5.2.1. транзиттік тұтынушы. ларға

5.2.2. өзінің тұтынушыларға, оның ішінде

заңды тұлғалар

Халық

6. Тұтынушыларға өнімдер. дің (тауарлардың) өндірілетін көлемі:

6.1. млн. теңгемен

6.2. нақты көрсеткіштерде - оның ішінде:

заңды тұлғалар

Халық

таблицаның жалғасы

________________________________________

Базалық жылы инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асырудың 1-ші жылы (базалық тарифтік смета)

________________________________________

реттеліп көрсеті. реттеліп көрсетілмей.

летін қызметтер тін қызметтер
(тауарлар, жұмыстар) (тауарлар, жұмыстар)
көлемі көлемі
_____________________________________________
1-ші 2-ші Бар. 1-ші 2-ші Бар.
жарты жарты лығы жарты жарты лығы
жылдық жылдық жыл жылдық жылдық жыл
_____________________________________________
9 10 11 12 13 14
________________________________________
таблицаның жалғасы
__________________________________________________________________
Инвестициялық бағдарламаны және|.. |Инвестициялық бағдарламаны және
(немесе) инвестициялық жобаны | |(немесе) инвестициялық жобаны
іске асырудың 2-ші жылы | |іске асырудың тарифтік жылы
_______________________________| |________________________________
реттеліп көрсеті. реттеліп |...| реттеліп көрсеті. реттеліп
летін қызметтер көрсетілмей. | | летін қызметтер көрсетілмей.
(тауарлар, тін қызметтер| | (тауарлар, тін қызметтер
жұмыстар) (тауарлар, | | жұмыстар) (тауарлар,
көлемі жұмыстар) | | көлемі жұмыстар)
көлемі | | көлемі
_______________________________| |________________________________
1-ші 2-ші Бар. 1-ші 2-ші Бар.|...|1-ші 2-ші Бар. 1-ші 2-ші Бар.
жар. жар. лығы жарты жар. лы. | |жарты жарты лығы жар. жар. лы.
ты ты жыл жыл. ты. ғы | | жыл. жыл. жыл ты ты ғы
жыл. жыл. дық жыл. жыл | | дық дық жыл. жыл. жыл
дық дық дық | | дық дық
__________________________________________________________________
15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27
__________________________________________________________________

N 2-кесте

Ескерту: 2-кесте жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 23 мамырдағы N 138-НҚ бұйрығымен .

Ескерту: 2-кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен , 2005 жылғы 10 наурыздағы N 74-НҚ бұйрығымен .

**ШЫҒЫСТАР (реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бойынша**

| NN | Көрсеткіштердің атаулары | түзетілген базалық тарифтік сметада қабылданған | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлық шығыстар | | | Оның ішінде: Кезең шығыстары | | |
| | | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Материалдық шығындар, барлығы | | | | | | |
| 1.1. | Шикізат және материалдар - барлығы, оның ішінде: | | | | | | |
| 1.1.1. | шетел валюта. сынан сатып алынған | | | | | | |
| 1.2. | Сатымды бұйым. дар мен жар. тылай дайын фабрикаттар, көмекші мате. риалдар - бар. лығы, оның ішінде: | | | | | | |
| 1.2.1. | шетела валюта. | | | | | | |

| | |
|---|---|
| | сына сатып алынған |
| 1.3. | Отын барлығы, оның ішінде: |
| 1.3.1. | шетел валюта. сына сатып алынған |
| 1.4. | Электр энергия. сы - барлығы, оның ішінде: |
| 1.4.1. | шетел валюта. сына сатып алынған |
| 2 | Негізгі құралдардың құнын өсіруге әкелмейтін субъектілерге ағымдағы және күрделі жұмыс. тарға және жөндеу-қайта құру жұмыстар бағытталған құралдар |
| 2.1. | ағымдағы жөндеу |
| 2.2. | НҚ құнын өсіруге әкелмейтін күрделі жөндеу |
| 3 | Өзге шығындар * ) |

| | |
|---|---|
| 4 | Негізгі құрал. дардың тозуы **) |
| 5 | Материалдық емес активтер. дің аморти. зациясы **) |
| 6 | Өзге шығыстар барлығы, оның оның ішінде: |
| 6.1. | іссапар шығыстары |
| 7 | Салық төлемдер *) және алымдар барлығы, оның ішінде: |
| 7.1. | мүлікке арналған салық |
| 7.2. | табиғи ресурс. тарды пайдалан. ғаны үшін төлем |
| 8 | Тараптық ұйымдардың қызметтеріне ақы *) барлығы, оның ішінде: |
| 8.1. | жалдау ақысы |
| 9 | Басқа шығындар *) - барлығы, оның ішінде: |
| 9.1. | сыйақы төлеу |

| | | |
|---|---|---|
| | | жөніндегі шығыстар |
| 9.1.1. | | шетел валютасында |
| | 10 | Жалақы қоры барлығы, оның ішінде: |
| 10.1. | | өндірістік персонал |
| 10.2. | | көмекші персонал |
| 10.3. | | әкімшілік персонал-барлығы, олардан |
| 10.3.1. | бас | офис |
| 10.4. | | Әлеуметтік салық |
| | 11 | Шығыстардың барлығы |
| | 12 | Жылдар бойынша күрделі қаржыға жұмсалған шығын. дарды қаржылан. дыру-барлығы, олардан: |
| 12.1. | | құрылысқа-барлығы, олардан: |
| 12.1.1. | | шаруашылық тәсілмен салынған |

меншік құрылысы

---

12.1.2. машиналар мен жабдықтар; табыстау құрылғылар

---

12.1.3. көлік құрылғылары

---

12.1.4. материалдық емес актив. терді сатып алуға - барлығы, оның ішінде:

---

12.1.5. ЭЕМ бағдарла. масын қамтамасыз етуді жасауға және сатып алуға

---

* ) Шығындардың ажыратып жазылуы міндетті тәртіпте қоса беріледі

** ) Амортизациялық аударымдардың есебі міндетті тәртіпте қоса беріледі

таблицаның жалғасы

---

Бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңі

---

Базалық инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асырудың 1-ші жылы

---

Барлық шығыстар | Оның ішінде: Кезең шығыстары

---

| 1-ші жартыжылдық | 2-ші жартыжылдық | Барлығы жыл | 1-ші жартыжылдық | 2-ші жартыжылдық | Барлығы жыл |
|---|---|---|---|---|---|

---

9 10 11 12 13 14

---

таблицаның жалғасы

---

Базалық инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асырудың 1-ші жылы

---

Инвестициялық бағдарламаны және|.. |Инвестициялық бағдарламаны және
(немесе) инвестициялық жобаны | |(немесе) инвестициялық жобаны
іске асырудың 2-ші жылы | |іске асырудың тарифтік жылы
___________________________| |______________________________
Барлық Оның ішінде: |...| Барлық Оның ішінде:
шығыстар Кезең шығыстары | | шығыстар Кезең шығыстары
___________________________| |______________________________
1-ші 2-ші Бар. 1-ші 2-ші Бар.|...|1-ші 2-ші Бар. 1-ші 2-ші Бар.
жар. жар. лығы жарты жар. лы. | |жарты жарты лығы жар. жар. лы.
ты ты жыл жыл. ты. ғы | | жыл. жыл. жыл ты ты ғы
жыл. жыл. дық жыл. жыл | | дық дық жыл. жыл. жыл
дық дық дық | | дық дық

---

15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27

---

N 3-кесте

Ескерту: 3-кесте жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 23 мамырдағы N 138-НҚ бұйрығымен .

Ескерту: 3-кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 238-НҚ бұйрығымен , 2005 жылғы 10 наурыздағы N 74-НҚ бұйрығымен .

**Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері**

---

Көрсеткіштердің Бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңі
атаулары
______________________
NN түзетілген базалық Инвестициялық бағдарла.
тарифтік сметада маны және (немесе)

қабылданды инвестициялық жобаны іске асырудың базалық 1-ші жылы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл |
| 1 | Тарифтің құра. мындағы пайда | | | | | | |
| 2 | Іске қосылған активтердің реттелетін базасы (АРБ) | | | | | | |
| 3 | АРБ-ға пайда ставкасы | | | | | | |
| 4 | реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсетудің барлық шығыстары | | | | | | |
| 5 | Тарифтік кіріс | | | | | | |
| 6 | Салық салынған. нан кейінгі жиынтық кіріс (зиян) | | | | | | |
| 7 | Дивиденттер төлемі | | | | | | |
| 8 | Пайдадан төленетін басқа да міндетті | | | | | | |

төлемдер

9 Бөлуге кететін пайда

10 Инвестицияға жолданған займдық құралдардың қайтарылуы

11 Таза табыс

Анықтама:

12 Есеп тариф

Қазақстан Респуб. ликасы әлеумет. тік-экономикалық дамуының орташа мерзімдік жоспарында көзделген негізгі көрсеткіштер

Есепті тарифті түзету

таблицаның жалғасы

Бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңі

Инвестициялық бағдарламаны және|.. |Инвестициялық бағдарламаны және
(немесе) инвестициялық жобаны | |(немесе) инвестициялық жобаны
іске асырудың 2-ші жылы | |іске асырудың тарифтік жылы
________________________________| |________________________________
Инвестициялық бағдарламаны |.. |Инвестициялық бағдарламаны және
және немесе) инвестициялық | |немесе) инвестициялық жобаны
жобаны іске асырудың 2-ші жылы | |іске асырудың тарифтік жылы

| 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл | |...| | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

N 4-кесте

Ескерту: 4-кесте жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 23 мамырдағы N 138-НҚ бұйрығымен , 2005 жылғы 10 наурыздағы N 74-НҚ бұйрығымен .

**Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері**

| NN | Көрсеткіштердің атаулары | Есепті жылдың қаржылық нәтижесі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | реттеліп көрсеті. летін қызметтерден (тауарлар, жұмыстар) түсетін барлық кіріс (зиян) | | | реттеліп көрсетіл. мейтін қызметтерден (тауарлар, жұмыстар) түсетін барлық кіріс (зиян) | | |
| | | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл |
| 1 | 1. Реттелген қызметтен | | | | | | |
| 2 | 2. Қызметтің реттелмеген түрлерінен (бағам айырма. шылығын ес. кере отырып), одан | | | | | | |

таблицаның жалғасы

____________________________________________

Бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңі

____________________________________________

Бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асырудың базалық 1-ші жылдың қаржылық нәтижесі

____________________________________________

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| реттеліп көрсеті. летін қызметтерден (тауарлар, жұмыстар) түсетін барлық кіріс (зиян) | | | реттеліп көрсетіл. мейтін қызметтерден (тауарлар, жұмыстар) түсетін барлық кіріс (зиян) | | |
| 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл | 1-ші жарты жылдық | 2-ші жарты жылдық | Бар. лығы жыл |

____________________________________________

таблицаның жалғасы

____________________________________________

Бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыру кезеңі

____________________________________________

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асырудың базалық 2-ші жылдың қаржылық нәтижесі | | .. | Бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асырудың базалық тарифтік жылдың қаржылық нәтижесі | |
| реттеліп көрсеті. летін қызметтер. ден (тауарлар, жұмыстар) түсетін барлық кіріс (зиян) | реттеліп көрсетілмей. тін қызметтер ден(тауарлар, жұмыстар) түсетін барлық кіріс (зиян) | ... | реттеліп көрсеті. летін қызметтер ден (тауарлар, жұмыстар) түсетін барлық кіріс (зиян) | реттеліп көрсетілмей. тін қызметтер ден(тауарлар, жұмыстар) түсетін барлық кіріс (зиян) |

1-ші 2-ші Бар. 1-ші 2-ші Бар.| |1-ші 2-ші Бар. 1-ші 2-ші Бар.
жар. жар. лығы жарты жар. лы. | |жарты жарты лығы жар. жар. лы.
ты ты жыл жыл. ты. ғы | | жыл. жыл. жыл ты ты ғы
жыл. жыл. дық жыл. жыл | | дық дық жыл. жыл. жыл
дық дық дық | | дық дық

---

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК